

Д.С. Дәуірбаева
Ғ.Т. Абилбакиева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: dauirbaeva95@bk.ru, galiya_turusbek@mail.ru)

Мектепке дейінгі ересек топ балаларына патриоттық тәрбие беруде батырлар жырын оқытудың тиімділігі

Аңдатпа. Мақалада батырлар жырының мектепке дейінгі балаға әсері туралы жан-жақты тоқталып, батырлар жыры арқылы рухшылыққа тәрбиелеудің педагогикалық әдістері қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балалары батырлар жыры негізінде оқытылса, балалардың тектік танымын сапалы меңгеру қабілеті дамиды, қиял өрісі кеңейеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың еркін ойлауына ықпал жасап, болашақта жеке тұлға болып қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

Бала мектепке барғанда әдебиетті игеру дағдылары дамиды, ана тілінде дұрыс сөйлеу дағдылары да жетіледі. Мектепке дейінгі ересек топ балаларының жас ерекшелігі ескеріліп, тиімді әдістер ұсынылды. Батырлар жырын мектепке дейінгі ұйым бағдарламаларына сәйкес, оқыту маңыздылығы артып отыр.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі балалар, батырлар жыры, патриоттық сезім, заманауи әдістер, жаңа технологиялар, мектепке дейінгі тәрбие.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-84-94>

Кіріспе

Қазіргі таңдағы мемлекеттік талап-міндеттер бүгінгі жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үдерісі әр отбасынан бастау алып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында үздіксіз кешенді жүргізілуін талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие негізінің тарихы өткен ғасырдың басында-ақ оқулықтар мен оқу құралдарының шығуымен бастау алды.

Батырлар жырлары арқылы патриоттық тәрбие беру мәселесі қазіргі кездегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Батырлар жырын оқыту – негізінен патриоттық тәрбие беру, себебі, біздің түркі халықтарына ғана тән дәстүр болғандықтан, баланың өз ата-тегіне деген құрметі мен рухы оянады.

Балалардың осы қызығушылығын негізге ала отырып, батырлардың іс - әрекетіне патриоттық тұрғыда сипаттама беріп, сол арқылы отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Жүргізген зерттеу бойынша батырлар жырын оқытудың ерекшелігі – жырдың ұзақтығы, тілінің бүгінгі балалар үшін күрделілігі, поэтикалық ерекшелігі десек, ал артықшылығы – рухшылыққа, елді, жерді сүюге тәрбиелейді.

Психолог ғалымдар адам баласының өмірлік бағдарламасы санасында 4-5 жас аралығында қалыптасатынын айтады. Қыз балалар қуыршақпен ойнаса, ұл балалар аударыспақ, асық ату, атқа шабу, ерлік-батырлық негіздегі ойындармен ойнайды. Сондықтан, мектепке дейінгі даярлық топтарындағы балаларға батырлар жырларын үйрету өте маңызды. Олар

жырлардағы басты кейіпкерге еліктеп, адалдық үшін күресуге, табандылыққа, әлсіздерге болысуға үйренеді.

Ендеше қазіргі таңда балабақшада батырлар жырлары арқылы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу сонымен қатар қазақ батырларының ерліктерін балалардың түсінігіне сәйкестендіру аса қажет. Жалпы батырлар жыры балаларға жақын жанр. Сондықтан балалардың түсінігіне жақындатуымыз керек. Өйткені, оларға қандай батырларды білесіңдер - деген сауал қойғанда, өздері күнделікті көріп жүрген: «Бэтмен», «Өрмекші адам», «Қанаттары бар ұшатын адам» мультфильмдерді атайды. Қазақ батырларының тарихын, ерліктерін біле бермейді. Сол себепті біздің балаларымыздың санасына өзіміздің қазақ батырларының ерліктерін сіңіру маңызды деп тұжырымдаймыз. Балаларға батырлар туралы мәлімет бергенде олардың ұстайтын қару-жарағы, киетін киім - кешегі, азық-түлігі, мінетін аты және аттарға берілген атаулар мен сипаттамалары, ат әбзелдері қазіргі балаларда ерекше қызығушылық тудырады. Тәрбие жұмыстарында балалардың осы қызығушылығын негізге ала отырып, батырлардың іс - әрекетіне отансүйгіштік тұрғыда сипаттама беріп, сол арқылы отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады.

Негізгі бөлім

Батырлар жырын мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту баланы нағыз патриот етіп қалыптастыруда маңызы жоғары. Батырлар жыры осындай тәрбиелік әсер етуімен бірге өткен замандардан мағлұмат береді, жаңа заманның артықшылығын қадірлеуге себеп болады, баланың ойы мен тілін де дамытады. Халықтың тұрмыс-салтын, ой-арманын айқындайтын, мектепке дейінгі жастағы баланың тәрбиесіне, мінез-құлықтарының қалыптасуына түрткі болады.

Қазақ халқының батырлар жырындағы жас ұрпақты ерлікке тәрбиелеудегі арман - тілектер айқын аңғарылады. Сондықтан болар, халқымыздың қай эпостық жырын алып қарасақ та «Батыр» – әрқашан да Отанын сүй-

етін, елі үшін жан аямай күресетін патриот, жақсылыққа жаны құмар тұлғаларды көруге болады. Батыр - жауына қаншалықты қатал, мейірімсіз болса, бауырларына, еліне, халқына, отбасына соншалықты мейірімді, жұмсақ, ақкөңіл болып келеді.

Қазақ даласына мектеп ашылған кезеңдерден бастап, мектеп алды тәрбие беру істері де қолға алына бастады. Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М.Жұмабаевтар әліппеден бастап, бастауыш және орта мектеп балаларына мектеп стандартына сай оқулықтар, ағартушылық бағыттағы әңгімелер мен өлеңдер, педагогикалық әдістемелік оқу құралдар жазыла бастады. Педагог Н.Құлжанова қазақ даласына мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалады. Оның «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923), «Ана мен бала» (1921) атты еңбектері бала тәрбиесінің мектепке дейінгі кезеңін қамтитын ұлттық негіздегі алғашқы құнды еңбектер. «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегіне алғы сөз жазған А. Байтұрсынов былай деген еді: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады [1, 1]», - деп бала тәрбиесі мен дамудың жас ерекшелік кезеңдерінің байланысын, мектепке дейінгі тәрбиенің маңызын аса жоғары бағалаған.

А.Байтұрсынов «Мектеп керектері» атты мақаласында «мектептің жаны – мұғалім» десе, Н.Құлжанова: «Балаға жұмсалатын тәрбие құралдарының ең күштісі – алдындағы үлкеннің өз үлгісі. Сондықтан, бала тәрбиешісі – жылы шырайлы, сабырлы, шыншыл болуы керек. Бір сөзді де, жұмсақ та болғаны дұрыс [1, 3]», - дейді. Демек, олар тәрбиеші тұлғасының жас ұрпақ тәрбиесіне ықпалы мол деген пікір қалыптастырады. Аталған ғалымдардың артына қалдырған мұрасын бүгінгі бастауыш сыныпта оқыту, мектепке дейінгі тәрбие салаларында пайдалануға болады.

А.Байтұрсынұлы мен Н.Құлжанованың бала тәрбиесі туралы көзқарастары осы ретте

үйлеседі. Ахмет Байтұрсынұлы баланың дамуына негізгі әсер ететін ойын әрекеті екендігіне тоқтала отырып: «Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да – ойын, «жұмысы» да – ойын, бәрін де ойын үстінде, ойын үшін істейді... Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде мектеп балаларына сабақ үйрету үлкендерге іс үйрету сияқты емес, әлгі айтылған сияқты балалар табиғаты тілейтін жолмен үйрету айтылады. Яғни, баланы ойынға үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек [2]», - дейді.

Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын негізгі тәрбие. Баланың бойында жақсы адамдық қасиеттерді қалыптастыратын кезеңдер де осы кездер. Мектепке дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру – баланың моральдық қасиеттерін белгілі бір негізде бағыттау болып табылады. Аталған процесс мораль, этика, мінез, әдет-құлық мотивтерінің қалыптасуымен қатар жүреді. Енді бұл кезеңді сызба түрінде берер болсақ:

Аталған кестеден нақты түсінікті болды деп есептейміз. Ерте сәбилік кезеңнен бастап ба-

лаға қай тілде сөйлесе сол тілде оның ойлау жүйесі қалыптасады, сол тілде ойланып, сол тілде түс көретін болады. Яғни, сол тіл рухына енеді, қанға бітер гендік кодтары қалыптасады, ата-бабасымен байланыста жатқан «космостық» байланыстары өз ата-бабасымен байланыс табу-таппауы өз тілінде қарым-қатынас жасалғанына тәуелді [3]. Ендеше, бесіктегі балаға бесік жырын айту, онан кейін жасы өскен сайын ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жыр-дастандарды тыңдату, беріп отыру үлкен маңызға ие.

Зерттеуімізде мектепке дейінгі балаларға арнап, патриоттық, ерлік, отан жөнінде мақал-мәтелдер жаттатудың, айтқызудың, жұмбақтар шешкізу мен әртүрлі танымдық ойындар ұйымдастыру рөлдік тапсырмалар берудің жеңілдетілген түрлері берілді. Бала жасының ерекшелігі және қабілеттері, қызығушылықтары ескеріледі. Батырлар жырын оқытудың талаптары бойынша, балаларға кейіпкерлер әлеміне кіру тапсырмаларымен қатар, жырды жатқа оқу, түсінігін жеткізе білу, баяндау тапсырмалары беріледі.

Мысалы, балабақшаның ересек тобында тәрбиеленетін балалардың 10-20% анық түсінікті сөйлей алмайтын болса, 5-6% тапсырмаларға селқос қарайтын болып шықты. Сон-



Сурет 1. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық сезімге тәрбиелеудің критерийлері

дықтан, баланың сөздік қорынан бұрын, тілдік қатынасын дамыту үшін батырлар жырын ықшамдап 4 жолдан не 8 жолдан шамалары келгенше жатқа айтты. Түйгеніміз, батырлар жырына арналған мерзімдік бағдарламалар бойынша педагог арнайы еңбек етуі керек екен, сондықтан мұнда үлкен маңыздылық берген дұрыс.

Сонымен, батырлар жырын оқытуға мынадай тәсілдерді ұсынамыз:

- кіріспе жұмыстары (баланың жас ерекшелігін ескере отырып жыр туралы түсінік беру)
- жырлардың мазмұнын меңгерту бағытындағы тапсырмаларды беру (жырдың не туралы екендігіне, кейіпкерлерге қатысты сұрақтар беру, есте сақтау тапсырмаларын беру)
- жырдың ықшамдалған үзінділерін жатқа айтуды топқа бөліп беру (ересек топтың әр балаға 1 шумақтан жатқа айту беріледі)
- жырдың кейіпкерлеріне шолу (көрнекілік құралдарын, көркемдік құралдарын пайдалан отыра кейіпкерлердің әрқайсына тоқталу, рөлдік тапсырма беру, мінездеме беру, т.б.)

- батырлар жырын оқыту мерзімін қорытындылау кезеңі (жырдың басталуы, шартына шегіне, шиеленісуіне, шешіміне тоқталып өту) [4].

Енді біз Алматы облысы, Қарасай ауданына қарасты «Зерде» балабақшасында жасалған мерзімдік жоспарлы тәжірибемізге тоқтасақ, ересек топта 15 шақты бала болды. Біз балалардың таңдауын ескере отырып, зерттеуімізге «Қобыланды батыр» жырын таңдап алдық.

Алғашқы күндері жырдың толық нұсқасын күйтабақтан тыңдадық, кітаптан оқып бердік. Балалар жыр дегеніміздің өзі мәнерлі келетін ұзақ өлең жолдары екенін, ішкі мазмұнында тұнып жатқан рух барын түсінді. Жалпы, тыңдалым жұмыстары орындалды десек болады.

Одан кейінгі күндерде батырлар жырына, оның ішінде Қобыланды батырға қатысты мультфильмерді қарадық, «Қобыланды ба-

тыр» прототипіндегі галереяға көз жібердік. Бір батырмен шектелмей барлық батырлар жыры кейіпкерлерінің картиналарын жинақтадық. Сонымен, біздің бейне-қабылдау процесіміз орындалды.

Жырды жаттауды екінші аптада тапсырма ретінде әр балаға бір шумақтан бөліп бердік. Бірінші аптаға қарағанда балалардың санасында жыр шумақтарын айтып жатып, бейнелі образдардың жүріп жатқаны байқалды. Батырларға тән өткір, қайсар мінезге қызығушылық білінді. Ал жырдағы «жағымсыз» кейіпкерлердің мінездерінен сақтана бастады. Өзара ойын барысында, қарым-қатынас болсын батырлар жырындағы бас кейіпкерлерге еліктеу байқалды.

Үшінші аптада жырды жатқа айтатын рөлдік ойындарды жүргіздік. Жырды жақсы баяндады. Бір ғана ересек топ ішінде қыз балалар мен ұл балалар деп салыстырмалы түрде қарар болсақ, әлбетте батырлар жыры тақырыбында ұл балалар алға шықты. Кестеге назар аударсақ, бұл бір ғана ұйымдастырылған оқу қызметі барысындағы нәтиже.

Кесте 1. Салыстырмалы нәтиже

ҰОҚ талаптары	Қыз балалар	Ұл балалар
Батырлар жырын лайықты дәрежеде түсінді	+	+
Батырлар жыры кейіпкерлерін таныды	+	+
Батырлар жырын мазмұндауда кейіптеп жеткізе алды	+	+
Батырлар туралы түсінік қалыптастырды, тақырыптарын ашып бере алды		+
Батырларға ұқсағысы келетіндерін білдірді		+
Жырларды жатқа айтты	+	+


Төртінші аптада әр күні бір ғана «Қобыланды батыр» жырына арналған тапсырмалар беріліп отырды:

Дүйсенбі күні – Қобыланды батыр жырын жатқа айту, сөзбе-сөз мінездеу. Сәрсенбі күні – Қобыланды батыр жырын кейіптеді

Сәрсенбі күні – Жырға қатысты ауызша кроссвордтар шешті, әр түрлі ойын түрінде үзіндіні кез-келген тұсынан жалғастырып айтты.

Бейсенбі күні – жырдан естерінде қалған бейнелерді бейнелеу өнері арқылы сурет етіп салды (картина), мүсін жасады (ермексаздар арқылы).

Жұма күні – Өнер көрсетіп марапатталды. 4 апталық бір ғана жырға негізделген мерзімдік жоспарымызды қорытындылаумен аяқтадық. Енді жалпы 4 апталық зерттеуіміздің нәтижесін шығарсақ, 15 (8 ұл бала, 7 қыз бала) баланың 4 бала (3 ұл бала, 1 қыз) үздік нәтиже көрсетті, 8 бала (4 ұл бала, 4 қыз) екпінділікті, 3 бала (2 қыз, 1 ұл бала) қанағаттандырарлық нәтижені көрсетті. Ересек топтың бір айлық батырлар жырын меңгерудегі пайызын үздіктер саны мен екпінділер санын қосып және 100% көбейтіп, бала санына бөлуіміз бойынша шығарсақ, 80% құрады. Бұл дегеніміз – жақсы көрсеткіш. Алайда, 90-95% деңгейге жету үшін балаларға белсенділік, қызығушылық пен зейінділік қажет. Қызықтыра білу де тәрбиешіге түсер талап десек болады.



Сурет 2. Қорытынды көрсеткіш

Сонымен, өз тәжірибеміздің қорытындысы ретінде батырлар жырын оқыту әдістемесіне:

- жаңа инновациялық стратегияларды қолдануды;
- сыни тұрғыда ойлануға баулуды;
- ізеттілік пен тәртіпке үйретуді
- Отансүйгіштік қасиетке баулуды;

- балаларға сергіту және ойын тапсырмаларын беріп отыруды ұсынамыз.

Батырлар жырларымен отансүйгіштікке тәрбиелеудің жаңа инновациялық әдістері деп мына жинақталған әдіс түрлерін алып қарастырдық. Негізінен, педагог қай стратегияны, қандай жобаны алып орындаса да, тәрбиешінің өз шеберлігі. Бастысы – нәтижелі мақсатқа жету.

Біздің таңдап алған әдістеріміз:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық), жеке және бірлескен топ жұмыстары;
- рөлдік ойындар;
- көрнекіліктер, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс (кітаптар, дәрістер, цифрлы технологиялар);
- кейс-стади (жеңілдетілген түрінде);
- сұрақ-жауап, кез келген оқыту қызметін кері байланыспен аяқтау [7].

Тәжірибеміз де кейс-стади жұмыстарын жүргіздік:

Мектепке дейінгі ересек топ балаларына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда кейс мынадай кезеңдер бойынша дайындалды:

1-кезең. Мектепке дейінгі ересек топ балаларының ауызша сөйлеу: жыр үзінділерін жатқа айту дағдыларын қалыптастыру мақсатын айқындау;

2-кезең. Кейсті түзеуге материалдар жинау. Топтағы балалар саны және олардың қазақша сөйлей білу деңгейлері мен тілдерінің қаншалықты шыққанының көрсеткіші;

3-кезең. Мектепке дейінгі ересек топқа лайықталған батырлар жырларынан үзінділер дайындау;

4-кезең. Батырлар жырын қайсы кезеңде бағдарламаға кіргізуге болатынын болжау;

5-кезең. Балалардан күтілетін нәтижені болжау;

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейстігі кемшіліктерді тексеру, жою.

7-кезең. Мектепке дейінгі ересек топ балаларына даярланған батырлық жырлар тақырыбын арнайы ҰОҚ ретінде енгізу.

Кейс амал-тәсілдері қолданылған ҰОҚ ересек топты 4 адамнан тұратын шағын топтарға бөлдік. Атап айтқанда:

1. Сарапшы – әрбір топтың өзінің сарапшысы болады. Сарапшы баланың міндеті – өзге

балалардың жауаптарын бақылау, қорытындылау. Балалардың жауаптарының дұрыс/бұрыстығын сарапшы бала айтады. Көмек ретінде тәрбиеші алдын-ала дұрыс жауаптарды сарапшыға беріп қоюына болады.

2. Жол сілтеуші – тапсырманы басқалардан ерте орындайтын, әдетте болашақта мектепте жақсы оқуға қабілеті бар бала. Ол өзге балалар жауап таба алмай тұрғанда дұрыс жолға сілтеме береді.

3. Баяндаушы – тапсырмада берілген мәтін не жыр жолдарын басқа жағдаяттарға еніп (рөлге кіріп) басқа балаларға түсіндіреді. Өзі ойнап тұрған образдың жүрісін, қимылын, ым-ишарасын айнытпай салуы керек. Әдетте, балаларға «қолтырауын» деген атаумен танылған ойын түрі десек болады. Мысалы, қалам туралы жасырса, қимылмен көрсетуіне болады.

4. Қарсы сұрақ қоюшы – бір бала басқа балалардың айтқан түсініктеріне келіспей әдейі сұрақтар қояды. Бұл сұрақтарға басқа балалар жауап беруі керек. Бұл балаларды өз ойларын басқаға дәлелдей білуге үйретеді [5].

Кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар балаларды қызықтыруға, олардың диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Балаларға тәрбиелік бағыты жоғары ұлттық педагогика элементтері бар жыр жолдары, шешендік сөздер үйретіледі. Кейс технологиясының жаңа технология ретінде жаңалығы – өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект тәрбиелейді. Тәрбиеші сабақ барысында тек бағыт-бағдар беруші қызметін атқарады. Кейс технологиясында балалар санына қарай бірнеше топқа бөлінетінін жоғарыда айтып өткен едік, енді әр топ проблеманы шешуде өзіндік ойларын дәлелдейді.

Жоғарыда аталғандай жеңілдетілген кейс ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгісін мысалға келтірейік:

1. Презентация – тәрбиеші балалардың барлығына бірдей ҰОҚ мақсатына қарай белгілі бір проблема қояды. Осы проблеманы түсіндіреді. Мысалы: «Қобыланды бала жасынан неліктен батыр болып қалыптасты?»,

«Ақын емес, аңшы емес, неге ол батыр болды?» - деген сұрақты ортаға тастауға болады. Артынан шешімін айтады.

2. Ұстанымы – балалар тәрбиеші түсіндірген проблема бойынша өз ұстанымдарын қалыптастырады. Әр бала өз идеясын жинақтап, өз ұстанымын қалыптастыруына 1-2 минут уақыт беріледі. Бұл ұстанымдарды жеке-жеке тәрбиеші қағаз бетіне түсіріп, кейіннен топ болып талқылайды.

3. Проблеманы талқылау – балалар проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде тәрбиеленушілер бір-біріне үйретеді, үйренеді.

4. Шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, әр бала өзінің пікірін дәлелдейді. Басқа топтардың айтқан пікірлеріне өз көзқарастарын білдіреді.

Сонымен, тәрбиеші мына үзіндіні оқып берді.

Қамбар батырдың аузынан шығатын жыр жолдары:

Қанатты туған пырағым,
Аға-іні сен едің,
Тар жерде жолдас шырағым,
Мойның алтын таяқтай,
Қамыстай екі құлағың,
Төрт аяғың қазықтай,
Төңкерген кесе тұяғың,
Сұлулығың сүмбідей,
Жылқыға бітпес жануар
Сымбатың менен сияғың... [6, 52]

Тәрбиеші мәтінді оқып шыққан соң балаларға мынадай проблеманы шешуді ұсынды.

Шешілетін проблема: Қамбар батыр қандай батыр?

Оның мергендігі туралы не айтасыңдар?

Ол ел мен жерді кімдерден қорғады?

Балалар проблеманы шешуге топ болып кірісті. Әрбір топ өздерінің ойларын ортаға салды.

Бірінші топтың балалары мынадай жауап құрастырды:

Қамбар батыр – қайсар, мерген, табанды, ержүрек. Қамбар батырдың мергендігі сонша, жауларын алыстан құлата білді. Қамбар батыр жақсыларға – мейірімді, жамандарға – қатал.

Екінші топтың балалары мынадай жауап құрастырды:

Қамбар батыр аңшылық жасаудан батырлығын бастады. Аң аулап келуге шыққанда ол атылған арыстанды да өлтіре білді де, батырға айналды. Ол жаулардан елін қорғады.

Үшінші топтың балалары мынадай жауап құрастырды::

Қамбар батыр – ержүрек, ерекше батыр. Ол жаулардан өз жерін үнемі қорғап отырды. Елі, жері Қамбар батырдың мергендігіне, батырлығына ерекше сенді. Аталған пікірлер артынан талқыланып, ортақ тұжырымға келді.

Кейс технологиясының ұтымдылығы төмендегідей:

- балалар өзара пікір таластыруға, өзінің пікірін дәлелді қорғауға дағдыланды;
- топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнады;

- ересек адамдарша балалар проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық тапсырмаларды орындады;

- ауызша сөйлеу дағдылары мен ойлау қабілеттері жетілді [5].


Енді біздің қолданысымыздан өткен ойын түрлерінен мысал келтіріп кетейік.

- Шығармашылық ойындар;
- Тапқырлық ойындар;
- Ізденімдік ойындар сынды технологияларды атап өтеді [7].

Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойын тапсырмаларын беру анағұрлым ізденімпаздықты талап етеді. Өйткені, репродуктивті және жеңілдегілген ізденгіштік ойындар арқылы баланы шығармашылық іс-әрекетке баули аламыз.

Ал шығармашылық ойындар нәтиже барысында еркіндікке нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретінін аңғартады. Тәжірибе нәти-

Кесте 2. Ойын технологиясының балалардың ойын-оқу тапсырмаларын орындау үдерісіндегі іс-әрекеттерінің сипаты





Сурет 3. Отансүйгіштік сезімдер шкаласы

жесінде батырлар жырларына негізделген шығармашылық ойындарды, жарыстарды, суырып салмалық қасиет, ұйымдастырылған оқу қызметі барысында қамтылғандықтан балалардың анағұрлым отансүйгіштік қасиеттері, шығармашылық деңгейлері, еркіндіктері артады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің әр кезеңінде ойын технологиясын қолдану мүмкіндіктері топтастыру, меңгеруге даярлау, пысықтау, материалдарды қайталау және білімін тексеру сынды әрекеттерге тиімді қол жеткізеді. Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар баланың жетілуіне, осылайша оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Және ересек топ балаларына барлық жұмыстар ауызша – айтылым дағдыларымен орындалды.

Отансүйгіштік сезім қандай сезім? Аталған үлкен сезім күнделікті мына әдеттерден қалыптасады:

Ұйымдастырылған оқу қызметінде жыр-дастандар арқылы мынадай құндылықтарды бала бойында ұғындыра аламыз:

1. Халықтың тұрмыс-тіршілігі;
2. Халықтық таным-көзқарас;
3. Ұлттық талап-тілектер;
4. Ұлттың наным-сенімі;
5. Салт-дәстүрі;
6. Ұлттық мінез;
7. Ұлттық тәрбие, өнеге, т.б.

Тәрбие жүйесі бағытында ертеңгіліктерге даярланатын шараларды әлдеқайда тереңдете түсеміз. Ертеңгіліктер өнегелі, мазмұнды жүзеге асатын болады. Қазіргі балалардың еліктеу ауаны төл әдебиетіміздегі батырларға ауа бастайды. Елді қорғау, жерді қорғау, оны сүю,

қадірлеу-қастерлеу түсініктері пайда болады. Қыз балалардың батырлар жырындағы нәзік те батыл, ақылды сұлулар Ақжүніс, Құртқа, Гүлбаршындарға еліктеуінен ибалы әдеттері қалыптасады.

Осы күні әдістемелік бағыттағы стратегиялар көптеп жазылуда, қорғалуда, батыстық және Отандық әдістемелік бағдарламалар жаңарып қарастырылуда. Соның ең маңыздыларын атап кетсек:

Кесте 3. Жаңартылған білім мазмұны бойынша стратегиялар мен технологиялар

№	М.Құрмановтың материалдары бойынша	
1	«Дамыта оқыту» жүйесі	Л.В. Занков
2	«Дамыта оқыту» жүйесі	Д.Б. Эльконин В.В. Давыдов
3	«Проблемалық оқыту» теориясы	А.М. Матюшкин, И.Я. Лернер, М.И. Макутов
4	«Мазмұндық жалпылау» теориясы	В.В. Давыдов
5	«Бағдарламалық оқыту» теориясы	Н.Ф. Талызина, Т.А. Ильина, т.б.
6	«Ақыл әрекеттерін кезеңдеп қалыптастыру» теориясы	П.Я. Гальперин
7	«Танымдық қызығушылықты дамыту» теориясы	Г.И. Щукина

Аталған стратегиялар оқыту мен тәрбие технологияларының бүгінгі заңдылықтарын қамтиды. Біз негізгілерін таңдап ала отыра,

ұлттық, халықтың мінезбен, таныммен ұштастырамыз.

Енді стратегиялардан жүйелі әдістерге көшетін болсақ, балаларға мына жинақталған әдістермен бағдарламаны беруге болады:

Кесте 4. Оқытудың әдістері мен түрлерінің жиынтығы

Оқытудың әдістері мен түрлерінің жиынтығы	
Сұхбат, талқылау	Суреттерді (электронды) талқылау
Топтық жұмыс	Қысқа дәріс
Рөлдік ойын	Имитация ойыны
Ой шабуылы	Визитерді шақыру
Ситуациялық тапсырмаларды шешу	Сарапшы топтардың пікірталасы
Қатысушылардың ролінде болу	Сұрақ-квиз (бақылау)

Мектепке дейінгі ұйым бағдарламасында оқытылатын ежелгі жыр, мәтіні мыңдаған ғасырдың мағыналы да мазмұнды тарихи жүгін арқалап жеткен, бүкіл түбі бір түркі әлеміне ортақ, тіпті түгел адамзаттың асыл армандарына арқау, Алаштың алып тұлға батырлар жырын оқыту арқылы болашақ ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелей аламыз. Балабақшада халықтың мәдени мұрасынан, соның ішінде батырлар жырлары мұраларынан сусындату «Тіл дамыту», «Көркем әдебиет», «Сауат ашу» пәні арқылы беріліп жатыр. Пәнде ертегілер мен халық шығармалары, олардың кейіпкерлері туралы берілген. Мектепке дейінгі жастағы балалар ұйымдастырылған оқу қызметі іс-әрекетінде халық шығармаларын меңгереді. Бірақ кейде шектеулі ғана жоспармен ұйымдастырылатын оқу қызметінде халықтық шығармаларды толық қамти алмаймыз. Тіпті, ертегілерді аз ғана

уақыт ішінде толық меңгертіп үлгермейміз, батырлар дастанын да солай, аз ғана шектеулі сағатпен берілетін бағдарламалар кейіпкерлер есімдерін жаттату, оқиға желісін жалпы ұғындырумен шектеледі. Педагогтер мектепке дейінгі ересек топтарға балаларға жырды жаттау арқылы тәрбие берсек, бала жасынан халықтық жырларды санасына ғана емес, рухына сіңісті етіп өсер еді.

Қорытынды

Ойымызды қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бала тәрбиесінің озық үлгілерін үйренуді басты назарда ұстануы қажет. Батырлар жырын мектепке дейінгі ұйым бағдарламаларына сәйкес, жаңаша оқыту әдістерінің ішінде кеңістікте ойлау, яғни білімді үш өлшемде зерделеу аса маңызды. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің адамгершілік тұрғыдағы жауапкершілігі оның гуманитарлық мәдениетінің деңгейіне байланысты қалыптасатыны даусыз. Батырлар жырын балабақшада оқыту арқылы балалардың ақыл-ойлары өрістеп, терең ойлай білуге машықтанады. Жан-жақты ойлау мүмкіндіктерінің артуы алынатын білімімен бірге дами бермек. Батырлар жыры балаға жақсы мен жаманды айыруға кең мағынадағы имандылық, адамгершілік дағдыларын бойына сіңіруге көмектеседі. Нәтижесінде батырлар жырларына негізделген шығармашылық ойындарды, жарыстарды, суырып салмалық қасиет, ұйымдастырылған оқу қызметі барысында қамтылғандықтан балалардың анағұрлым отансүйгіштік қасиеттері, шығармашылық деңгейлері, еркіндіктері артады. Одан ұлттық сана салтанат құрып, мемлекетшіл рух елі мен жеріне адал перзенттерді өмірге әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. - Орынбор: «Қазақстан мемлекет баспасы», 1923 – IV, 37 б.
2. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті. - № 262. - 1914 ж. 17 мамыр.

3. Кауашев С.К. Білім берудегі жаңа мазмұн: жаңа технологиялық әдістерді пайдаланудың тиімділігі // Педагогика мәселелері. – 2012. - №2. – 3-9 б.
4. Батырлар жырын оқыту әдістемесі. – URL: <https://ulagat.com/2020/09/15/батырлар-жырын-оқыту-әдістемесі/> (қаралған күні: 08.02.2021).
5. Нұрбаева Д. Мектепте оқу үрдісін жетілдіру мақсатында оқушы білімін формативті бағалауда коучтің әсері // «Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. - Астана. 2016 ж. 27-28 қазан.
6. Қазақ әдебиеті (хрестоматия). Құраст.: Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. - Алматы: «Жазушы», 1986. -127 б.
7. Наркұлова Б. Қазақ тілі сабағында ойындарды қолдану әдістемесі: пед.ғыл.канд. дис. (Алматы, 2006, 172 б.).

References

1. Kulzhanova N. Mekhtepren byrynғы tarbie [Pre-school education] (Kazakhstan State Publishing House, Orenburg, 1923 - IV, 37 p.).
2. Baitursynov A. «Kazak» gazeti [«Kazakh» newspaper, No 262, May 17, 2014].
3. Kauashev S.K. Bilim berudegi zhana mazmyn: zhana tekhnologiyalyk adisterdi pajdalanudyn tiimdiligi [New content in education: the effectiveness of the use of new technological methods], Pedagogika maseleleri [Problems of pedagogy], 2, 3-9 (2012).
4. Batyrlar zhyryn okytu adistemesi [Methods of studying heroic epics]. – URL: <https://ulagat.com/2020/09/15/heroes-song-teaching-methodology/> (Accessed: 08.02.2021).
5. Nurbayeva D. Mekhtepte oku urdisin zhetildiru maksatynda okushy bilimin formativti bagalanda kouchitin aseri [The influence of the coach in the formative assessment of student knowledge in order to improve the learning process at school], «Bilim beru salasyndagy ozgerister ayasyn kenejtu: aprobaciya men taratu. Halykaralyk gylmy-tazhiribelik konferenciya makalalarynyn zhinagy [«Expanding the scope of change in education: approbation and dissemination. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference] (Astana, October 27-28, 2016).
6. Kazak adebiyeti (hrestomatiya) [Kazakh literature (reading book)] Compiled by: Tursyngaliyeva S.Ch., Zaikenova R. («Writer», Almaty, 1986, 127 p.).
7. Narkulova B. Kazak tili sabagynda ojyndardy koldanu adistemesi: ped.gyl.kand. dis. [Methods of using games in the Kazakh language lessons: dissertation of the candidate of pedagogical sciences (Almaty, 2006, 172 p.).

D.S. Dauirbayeva, G.T. Abilbakyeva

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The effectiveness of reading heroic epics in the process of patriotic education of older preschool children

Abstract. When children of preschool age learn the basics of heroic songs, they develop the ability to assimilate the knowledge of ancestors and their field of imagination expands. When a child goes to school, he develops the skills of mastering literature and mastering the native language. The article considers in detail the role of heroic songs in preschools, pedagogical methods of the spiritual upbringing of children through heroic songs. The article proposes effective methods that teach the peculiarities of adulthood children of the adult group of preschool age. It is very important to learn the song of the heroes in accordance with the programs of preschool organizations. It contributes to the free-thinking of children of preschool age and positively affects their individual development in the future.

Keywords: preschoolers, heroic songs, patriotic feelings, modern methods, new technologies, education.

Д.С. Дауирбаева, Г.Т. Абилбакиева

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

**Эффективность изучения героических эпосов в процессе патриотического воспитания
детей старшего дошкольного возраста**

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические методы духовного воспитания детей старшего дошкольного возраста на основе героических эпосов. При обучении детей в данном аспекте у них развивается способность к усвоению знаний о предках, формируются зачатки национального самосознания, расширяется воображение. Это также может способствовать свободному мышлению детей старшего дошкольного возраста и оказать впоследствии положительное влияние на личностное формирование. Кроме того, когда ребенок пойдет в школу, это облегчит формирование литературных навыков и процесс усвоения родного языка. Предложены эффективные методики, учитывающие возрастные особенности детей старшего дошкольного возраста. Воспитание и обучение детей через героические эпосы в соответствии с программами дошкольных организаций имеет важное значение.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, героические песни, патриотические чувства, современные методы, новые технологии, дошкольное воспитание

Авторлар туралы мәлімет:

Дауирбаева Д.С. – корреспонденция үшін автор, педагогика және психология институты, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу педагогикасы мамандығының 2-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан.

Абилбакиева Г.Т. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі білім әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бағдарламаларының PhD, аға оқытушысы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан.

Daurbaeva D.S. – Corresponding author, Institute of Pedagogy and Psychology, The 2nd year Master's degree student in Pedagogy of Preschool Education and Upbringing, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk ave., Almaty, Kazakhstan.

Abilbakieva G.T. – Ph.D. in Philosophy, Senior Lecturer, Lecturer of the Department of Preschool Education and Social Pedagogy of the Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk ave., Almaty, Kazakhstan.